

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ**  
**заң факультетінің 3 курс студенті:**  
**Саламатов Шыңғыс**  
**Ғылыми жетекші: аға оқытушы**  
**Даубасова Сулушаш Шынжырханқызы**

## **ПАРАҚОРЛЫҚ ҚЫЛМЫСЫНЫҢ ЖАУАПТЫЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Заң азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау, олардың жолын кесу және ашу, олардың зардаптарын жою және кінәлілерді жауапқа тарту арқылы мемлекеттік органдардың, мемлекеттік міндеттерді атқаратын лауазымды және басқа да адамдардың, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдардың тиімді қызметін қамтамасыз етуге бағытталған және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі принциптерін айқындап, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың түрлерін, сондай-ақ жауаптылықтың пайда болу жағдайларын белгілейді.

Пара берудің мәні ол - пара берушінің мүддесіне пара алушы өзінің қызмет бабын пайдаланып жасаған әрекет (әрекетсіздік) үшін заңсыз мүліктік сыйақы беруді білдіреді.

ҚР ҚК-нің 312-бабына сәйкес мемлекеттік қызметті атқаруға уәкілетті тұлға немесе оған теңестірілген адамға тікелей немесе делдал арқылы пара беру деп көрсетілген.

Пара берудің қауіптілігі ол — параның көмегі арқылы мемлекеттік қызметті атқаруға уәкілетті тұлға немесе оған теңестірілген адамды сатып алу жүзеге асырылады. Пара беру өзінің тікелей мағынасында қызметтік қылмыс болып табылмайды. Алайда бұл әрекет үшін жауаптылық ҚР ҚК-нің қызметтік қылмыстар туралы тарауында көзделген, сонымен қатар, пара беру тек қана пара алумен тығыз байланыста өмір сүреді. Және нақ сондай объектіге қол сұғады [1].

Пара алудың объектісі мемлекеттік аппараттың қалыпты қызмет етуін қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастар. Тікелей объектісі ол - мемлекеттік аппараттың, жергілікті өзін - өзі басқару аппаратының, ҚР әскери күштерінің басқару аппаратының және басқа да ҚР-ның әскери құрамаларының қалыпты қызмет етуін қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастар.

Қылмыс құрамының қажетті белгісі - қылмыстың заты, яғни пара. Оның түсінігі алдындағы тарауда толығымен қарастырылды.

Объективтік жағы - екі әрекеттен яғни: 1) тікелей өзі; 2) делдал арқылы пара беруден тұрады[2].

Параны беру құрамына тән барлық негізгі түсініктер параны алу құрамының тиісті түсініктеріне сәйкес келеді, бірақ бірқатар ерекшеліктер де бар және оларды бөлек қарастырып кеткен жөн.

Параны алу сияқты пара беру де формальді құрам болып табылады. Жоғары сот Пленумының "Соттардың парақорлық үшін жауаптылық туралы заңнаманы қолдану тәжірибесі туралы" қаулысына сәйкес: "пара беру қылмысы пара алушы параның кем дегенде бір бөлігін алғаннан бастап аяқталды деп есептеледі. Пара алынбаған немесе қабылданбаған жағдайларда, пара берушінің әрекеттерін пара беруге оқталу деп есептеу керек". Сондықтан пара беруді аяқталған қылмыс деп тану үшін, пара беруші жеке өзі немесе делдал арқылы параның затын мемлекеттік қызметті атқаруға уәкілетті тұлға немесе оған теңестірілген адамға беру керек, ал ол өз кезегінде параны қабылдау керек. Басқаша айтатын болсақ, мемлекеттік қызметті атқаруға уәкілетті тұлға немесе оған теңестірілген адамға параны бергенге дейінгі әрекеттер пара беруге оқталу (мысалы, мемлекеттік қызметті атқаруға уәкілетті тұлға немесе оған теңестірілген адамның кабинетіндегі столына не оның үйіне ақшаны қалдырып кету, ақшалай аударым ретінде мемлекеттік қызметті атқаруға уәкілетті тұлға немесе оған теңестірілген адамның адресіне жіберу, оның қалтасына салып жіберуге тырысу, делдалға ақшаны беру, т.б.) немесе пара беруге дайындалу (мысалы, мемлекеттік қызметті атқаруға уәкілетті тұлға немесе оған теңестірілген адаммен параның мөлшері туралы, әрекеттің мазмұны туралы, параны алу уақытты мен орны туралы келісу, параны алу-беру үшін делдалды қарастыру, т.б.) деп қарастырылуы тиіс.

Параны беруге оқталу ретінде, пара қателесіп мемлекеттік қызметті атқаруға уәкілетті тұлға немесе оған теңестірілген адамға емес басқа адамға берілген жағдайда да есептелінуі тиіс. Мысал ретінде, жеке кәсіпкердің өзін-өзі өрт қауіпсіздігі (немесе салық) инспекторы ретінде жалған атап көрсеткен адамға пара беруі, бола алады. Сонымен қатар, параны беру туралы "заттандырылған" нысанда болмаған ұсыныс және параны беруге бағытталған нақты әрекеттердің болмауы қылмыстық жауаптылыққа әкеліп соқпайды.

Д. есімді азамат облыстық сотпен бірқатар қылмыстар үшін, соның ішінде пара бергені үшін кінәлі деп табылған. Жоғары сот үкімнің пара беру туралы бөлігінің күшін жойып, іс-жүргізуді келесі мән-жайлар бойынша тоқтатқан: азамат Д. адам өлтіруге оқталған жерінде ұсталып, жедел-іздістіру қызметкерлері Н. және Л.- ға пара беру туралы ниет білдіріп, қалтасында елеулі мөлшердегі ақша сомасы болса да, параны беру үшін нақты ешқандай әрекет жасаған жоқ. Жоғарғы сот бұл жағдайда тек қана қылмыстық ниет орын алды деп шешті.

Параны беру туралы уәде беру де дәл осылай шешілуі тиіс.

Қылмыстық заң, жауаптылықты параны мемлекеттік қызметті атқаруға уәкілетті тұлға немесе оған теңестірілген адамға беру фактісі үшін белгіленгеннен кейін, қылмыс пара беру фактісі анықталғаннан кейін пара алушының "пара үшін жасаймын" деп уәде берген әрекеттерін жасау-жасамауына қарамастан аяқталды деп есептеледі. Параны беру құрамы мемлекеттік қызметті атқаруға уәкілетті тұлға немесе оған теңестірілген адам пара үшін уәде берген әрекеттерін жасай алмайтын жағдайларда да орын алады. Бұл біріншіден, заң шығарушы жоғарыда көрсетілгендей пара беру фактісін пара алушының іс-жүзіндегі қандай да бір әрекеттерімен байланыстырмайды, екіншіден, пара берушіге пара алушының ол әрекеттерді орындай алмауы туралы белгілі болса, онда пара беру орын алмас еді [3].

Параны мемлекеттік қызметті атқаруға уәкілетті тұлға немесе оған теңестірілген адамға делдал арқылы беру әрекеттері келесідей болуы мүмкін:

1) делдалды қарастыру және онымен келісімге келу - пара беруге дайындалу болады;

2) параны, кейін пара алушыға беру мақсатында делдалға беру - пара беруге оқталу болады;

3) делдалдың мемлекеттік қызметті атқаруға уәкілетті тұлға немесе оған теңестірілген адамға параны беруі - пара беруші үшін аяқталған қылмыс, параны беру (ал делдал үшін - аяқталған қылмыс, паракорлыққа делдал болғаны үшін) болып табылады.

Мемлекеттік қызметті атқаруға уәкілетті тұлға немесе оған теңестірілген адамға берілетін пара оны берушінің мүддесіне қызметі бойынша әрекеттері үшін беріледі. Пара берушінің мүддесі кең ұғым, оған тек пара берушінің жеке, туыстарының, достарының, т.б. жақындарының мүдделері ғана емес, сонымен қатар, қате түсінілген кәсіпорынның, ұйымның, мекеменің мүддесі де жатады [4].

Пара берудің субъективтік жағы тек тікелей қасаканалықпен сипатталуы мүмкін. Кінәлі мемлекеттік қызметті атқаруға уәкілетті тұлға немесе оған теңестірілген адамға мүлтік сипаттағы сыйақы (пара) беріп жатқанын, ол мемлекеттік қызметті атқаруға уәкілетті тұлға немесе оған теңестірілген адамның бұл параны алуға құқығы жоқ екенін, сыйақы пара алушының қызмет бабын пайдаланып жасаған әрекеттері (әрекетсіздіктері) үшін беріліп жатқанын біледі және бұл әрекеттерді (пара беруді) жасағысы келеді. Егер пара беруші бұл аталған жағдайларды білмесе (мысалы, мемлекеттік қызметті атқаруға уәкілетті тұлға немесе оған теңестірілген адам бұл сыйақыны алуға құқығы бар немесе құқығы жоқ бірақ оны пара берушінің мүддесіне жасалатын әрекеттер үшін емес, қылмыстық жолмен табылғанның үлесі деп ойласа), онда пара берудің құрамы жоқ.

Пара берудің субъективтік жағының маңызды моменті ол әрбір нақты жағдайда мемлекеттік қызметті атқаруға уәкілетті тұлға немесе оған теңестірілген адамның параны алуға немесе алмауға еркін анықтау қажет. Тек қана параны беру фактісі қылмыстың аяқталғандығын білдірмейді. Істің мән-жайын анықтау барысында, мемлекеттік қызметті атқаруға уәкілетті тұлға немесе оған теңестірілген адамда пара алу ниетінің болмағандығы анықталса (мысалы, параны өзінде тауып мемлекеттік қызметті атқаруға уәкілетті тұлға немесе оған теңестірілген адам ол туралы тиісті органдарға хабарласа), онда параны алу құрамы болмайды, ал пара беруші үшін бұл жағдай пара беруге оқталу болып табылады.

Пара берудің субъектісі кез-келген есі дұрыс, 16 жасқа толған адам бола алады. Ол мемлекеттік қызметті атқаруға уәкілетті тұлға немесе оған теңестірілген адам да болуы мүмкін. Егер басқа қылмыс жасалмаса, онда жауапкершілік ҚР ҚК-нің 312-бабы бойынша тағайындалады. Осыған орай, пара беруші адамдардың әрекеттерін саралауда үш маңызды сұрақты шешу қажет[5].

1) ұйымның жұмысшысы осы ұйымның мүддесі үшін пара берсе;

2) ұйымның басшысы белгілі бір мемлекеттік қызметті атқаруға уәкілетті тұлға немесе оған теңестірілген адамға пара беруді өзіне бағынышты жұмысшысына тапсырса;

3) жұмысшы бастығының нұсқауы бойынша ол көрсеткен мемлекеттік қызметті атқаруға уәкілетті тұлға немесе оған теңестірілген адамға пара берсе.

Жоғары сот Пленумының "Соттардың паракорлық туралы заңнаманы қолдану тәжірибесі туралы" №9 қаулысына сәйкес: "мемлекеттің, қоғамның, жеке ұйымдардың мүддесі үшін пара берілгенде тұлғалардың әрекеттерін пара беру, ал негіздер болғанда басқа қылмыстармен (ұрлық, қызмет өкілеттіктерін теріс пайдалану, т.б.) жиынтық бойынша саралау қажет".

Осылайша пара ұғымның қате түсінілген немесе шынайы мүддесі үшін берілгенде екі жағдай болуы мүмкін: 1) ұйымның жұмысшысы сол ұйымның мүддесі үшін пара береді (әрекет ҚР ҚК-нің 312-бабымен сараланады); 2) жұмысшы пара берумен қатар басқа қылмыс жасайды, мысалы, ұрлық және ұрланғанның бәрін не жартылай пара ретінде береді (жауаптылық қылмыстардың жиынтығы бойынша сараланады - пара беру және ұрлық).

Жоғары сот Пленумы қалған екі сұрақ бойынша да түсінік берген. Олар - қызметі бойынша бағынышты адамдарға, пара берілетін лауазымды тұлға тарапынан өздеріне керекті әрекеттерге пара беру арқылы қол жеткізуге болатындығы туралы ұсыныс жасаған лауазымды тұлғаның әрекеттері, сонымен қатар, басшысының нұсқауы бойынша пара беретін бағынышты адамдардың әрекеттері. Лауазымды тұлғаның аталған әрекеттерін пара беру деп, ал пара үшін белгілі бір әрекеттерді орындау

туралы лауазымды адаммен келісімге келген және параны берген тұлғалардың әрекеттерін қылмысқа қатысушылық деп саралау ұсынылған. Егер аталған тұлғалар, тапсырыстың сипаты туралы біле тұра, параны тек беретін болса, онда олардың әрекеттерін парақорлыққа делдал болу деп саралау керек[6].

Жоғарғы сот Пленумының түсінігінен төмендегі үш жағдайлар әртүрлі саралану керек:

1) өзіне бағынышты адамдарды пара беру үшін пайдаланатын лауазымды тұлға - пара беруші ретінде;

2) пара үшін белгілі бір әрекеттерді орындау туралы лауазымды тұлғамен келісімге келетін және параны беретін бағынышты жұмысшы — қатысушы ретінде;

3) параны тек беретін бағынышты жұмысшы парақорлыққа делдал болғаны үшін жауап береді.

Қарап отырсақ, Пленумның 1,2-ші түсініктері дұрыс анықталмаған. Бірінші жағдайда, лауазымды тұлғаға бірден ҚР ҚК-нің 312-бабын қолданған дұрыс емес. Олай саралау үшін, бағынышты жұмыскердің еркін толықтай жоққа шығарып және оның қылмыс құралы ретінде қарастырылып отырғанын ескерсек, ол басшысының нұсқауы не ұсынысы бойынша басқа лауазымды тұлғаға пара беріп жатқанын сезінбеу керек. Бірақ бұндай жағдайдың болуы мүмкін емес. Жалпы ереже бойынша жұмысшыға пара беру тапсырылып отырғаны туралы белгілі, егер әрине ерекше жағдайлар туындамаса, мысалы, жұмыскердің еркін толықтай басып тастаған физикалық мәжбүрлеу орын алса. Пленум келтірген жағдайда басқарушы лауазымды тұлға тікелей өзі пара бермейді, ол үшін ол өзіне бағынышты жұмыскерлерді пайдаланады. Сондықтан ол, ҚР ҚК-нің 28 және 312-баптары бойынша ұйымдастырушы немесе айдап салушы ретінде жауапқа тартылуы тиіс. Осымен бірге, егер лауазымды тұлға пара беру үшін жұмысшыларын пайдалану әрекеттерінде қызмет өкілеттігін теріс пайдалану құрамы толық болса, онда ол қылмыстардың жиынтығы бойынша ҚР ҚК-нің 307-бабымен де жауапқа тартылады.

Бастығының нұсқауы немесе ұсынысы бойынша бағынышты жұмыскердің әрекетін, тек пара беруге қатысушылық деп саралау да қарсылық туғызатын сияқты [6].

Бұл жағдайда жұмысшы анық орындаушының рөлін орындап тұр, сондықтан оның әрекетін тікелей ҚР ҚК-нің 312-бабымен саралауымыз қажет.

Жоғарғы сот Пленумы, пара қылмыстық жолмен табылған жағдайларды да қарастырып кетті, яғни парақорлықпен тығыз байланысты болса да жеке қылмыс (ұрлық, қызмет өкілеттіктерін теріс пайдалану, т.б.) болып табылса, олар қылмыстардың жиынтығымен саралану керек.

Бұл жағдайлардың үш түрі болуы мүмкін:

1) пара ұрланған қаражат есебінен немесе басқа да қылмыстық жолмен табылғандығы туралы алдын ала сөз байласу болса, пара беруші ҚР ҚК-нің 312-бабы және жиынтық бойынша - басқа қылмыстың орындаушысы немесе қатысушысы ретінде жауапқа тартылуы тиіс;

2) егер пара берушіге параның қылмыстық жолмен табылғандығы алдын ала белгілі болса, онда ол ҚР ҚК-нің 312 және 183-баптарымен жауап береді;

3) егер пара беруші параның қылмыстық жолмен табылғанын алдын ала білмесе, онда ол тек қана ҚР ҚК-нің 312-бабымен жауапқа тартылады.

### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық. Ерекше бөлім. Оқулық. Алматы, Жеті жарғы, 2004 ж.540 б.

2. Кузнецова Н.Ф. Коррупция в системе уголовных преступлений //Вестник МГУ, право №1, 1993 г. 40 Стр.

3. Аникин А. Ответственность за взяточничество по новому УК// Законность. 1997. №6. 136 С.

4. Здравомыслов Б.В. Квалификация взяточничества. М., 1991. 136 С.

5. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодекісіне. Түсінік. – Алматы ЖШС “Издательство “Норма-К”, 2004. – 648-бет.

6. Панченко П.Н. Уголовно-правовая характеристика коррупций. /(Материалы научно-практической конференции, 18-19 апреля 1995 г.). М., 1995 г., 120 С.